



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№2 (109)

Астана
2025

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ
Жанат Әскербекқызы

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ЖАБАҒИН
Мақсат

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

СЫДЫҚОВ
Айбек Жексеналыұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

БИҒОЖИН
Ұлан Зейноллаұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD докторы (Қазақстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD докторы (Қазақстан)

ҚАРА
Әбдуақап

– доктор, профессор (Түркия)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (АҚШ)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

РАДИВОЖЕВИЧ
Мильяна

– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– Candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ
Жанат Аскербековна

– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ЖАБАГИН
Максат

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

СЫДЫКОВ
Айбек Жексеналыевич

– PhD доктор (Казахстан)

БИГОЖИН
Улан Зейноллаулы

– PhD доктор (Казахстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD доктор (Казахстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD доктор (Казахстан)

КАРА
Абдуакап

– Доктор, профессор (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (США)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)

Радивожевич Мильяна

– PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

<i>Молдахмет А.</i> 2001–2008 жылдары Қаратауда жүргізген археологиялық зерттеулер (Тұран археологиялық экспедициясы материалдары негізінде)	
<i>Молдахмет А.</i> Археологические исследования в Каратау в 2001–2008 годах (по материалам Туранской археологической экспедиции)	
<i>Moldakhmet A.</i> Archaeological research the Karatau mountains in 2001–2008 (based materials of the Turan archaeological expedition).....	6
<i>Shametov S., Eraliyeva S., Nurakhmetova K., Orazov T.</i> Archeological monuments of Turkestan region in the Turkestan archaeological expedition research	
<i>Шаметов С.Т., Ералиева С.А., Нурахметова Қ.А., Оразов Т.Б.</i> Түркістан археологиялық экспедициясы зерттеулеріндегі Түркістан өңірінің археологиялық ескерткіштері	
<i>Шаметов С.Т., Ералиева С.А., Нурахметова К.А., Оразов Т.Б.</i> Археологические памятники Туркестанского края в исследованиях Туркестанской археологической экспедиции.....	26
<i>Кузнецова Т.</i> О роли зеркал в погребальном обряде скифо-сарматской эпохи	
<i>Кузнецова Т.</i> Скиф-сармат дәуіріндегі жерлеу рәсіміндегі айнаның рөлі	
<i>Kuznetsova T.</i> On the role of mirrors in the funeral rites of the Scythian-Sarmatian era.....	37
<i>Абилева Н.М., Аққошқарова Ж.Т.</i> Орталық Азия елдеріндегі қыш өндірісінің этнографиясы	
<i>Абилева Н.М., Аққошқарова Ж.Т.</i> Этнография гончарства стран Средней Азии	
<i>Abileva N.M., Akkoshkarova Zh.T.</i> Ethnography of pottery of Central Asian countries.....	68
<i>Мұстажап А.Ш.</i> Ортағасырлық Сарайшықтың қыш өндірісі: археологиялық және мәдениеттанулық талдау	
<i>Мұстажап А.Ш.</i> Гончарное производство средневекового Сарайшыка: археологический и культурологический анализ	
<i>Mustazhap A.Sh.</i> Pottery Production in Medieval Saraishyk: an archaeological and cultural analysis.....	84
<i>Каримова К.Г.</i> З. Самашевтің ортағасырлық қала мәдениетіне қатысты зерттеулері (Сарайшық қаласы негізінде)	
<i>Каримова К.Г.</i> Исследования З. Самашева, Посвящённые культуре средневековых городов (на примере города Сарайшык)	
<i>Karimova K.G. Z.</i> Samashev's research on medieval urban culture (based on the example of the city of Saraishyq).....	97
<i>Рысбергенев М.</i> Функционально-семантические интерпретации курганов с каменными грядами: историографический обзор	
<i>Рысбергенев М.</i> Тас қатарлары бар қорғандардың функционалды-семантикалық түсініктемелері: тарихнамалық шолу	
<i>Rysbergenov M.</i> Functional and semantic interpretations of kurgans with stone alignments: a historiographical review.....	109

Этнология / Ethnology /Этнология

<i>Мәулет. А.</i> Шыңжаң қазақтары аспаптық музыкалық мұрасының зерттелуі	
<i>Маулет А.</i> Изучение инструментального музыкального наследия казахов Синьцзяна	
<i>Maulet A.</i> The Study of the Instrumental Musical Heritage of the Kazakhs of Xinjiang.....	126
<i>Атдаев С.</i> Кара-Шайтан – связующее звено между Мервом и Бухарой	
<i>Атдаев С.Дж.</i> Мерв пен Бұхара арасындағы бітімгер - Қара-Шайтан	
<i>Atdaev S.</i> Kara-Shaytan – a connecting link between Merv and Bukhara.....	150

Мұстажап А.Ш.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

Атырау, Қазақстан

e-mail: aiko_mustazhap@mail.ru

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚТЫҢ ҚЫШ ӨНДІРІСІ: АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орда дәуіріндегі қыш өндірісінің дамуын, оның технологиялық және көркемдік ерекшеліктері сараланған. Археологиялық қазбалар барысында табылған қыш бұйымдар арқылы Сарайшық қаласының ортағасырлық қолөнер мен сауда орталығы болғаны дәлелденеді. Зерттеудің мақсаты – Сарайшық қалашығы орнындағы археологиялық материалдар негізінде Алтын Орда дәуіріндегі полихромды жылтырлы керамиканың технологиялық, көркемдік және мәдени ерекшеліктерін анықтау. Зерттеуде археологиялық, салыстырмалы-тарихи және сипаттамалық әдістер кешенді түрде қолданылды.

Қыш бұйымдардың материалдық құрамы, глазурьлеу және сырлау әдістері, полихромды керамика үлгілері қарастырылады. Әртүрлі өңдеу тәсілдері мен бояулардың қолданылуы олардың эстетикалық мәнін арттырып, мәдени ықпалдастықты көрсетеді. Қытай, Иран, Орталық Азия және Еуропа мәдениеттерінің ықпалы Алтын Ордадағы керамика өнерінде айқын байқалады. Бұйымдарда өсімдік, зооморфты, геометриялық өрнектермен қатар, ислам мәдениетіне тән жұмақ бағы бейнесінің символдық нышандары кездеседі. Автор Алтын Ордалық керамиканың өзге өркениеттермен байланысын көрсете отырып, жергілікті ерекшеліктермен ұштастырып жасалған қыш бұйымдардың көркемдік және тарихи құндылығын ашады. Мақалада ерекше зерттеу нысаны болған – алтын фольгамен әрленіп, қызыл таушымылдық гүлдері бейнеленген сәнді полихромды керамика бөлшегі болып табылады. Аталмыш бұйым ислам мәдениетіне тән жұмақ бағы бейнесінің көркемдік нышаны ретінде қарастырылады. Зерттеуде Алтын Ордалық керамиканың мәдени синтезін сипаттап, оның тарихи және эстетикалық құндылығын аша отырып, әртүрлі өркениеттермен байланысын нақты мысалдар арқылы ұсынылған.

Кілт сөздер: Сарайшық, Алтын Орда, керамика, сырлы қыш бұйымдар, қазба жұмыстары, полихромды керамика.

Дәйексөз үшін: Мұстажап А.Ш. Ортағасырлық Сарайшықтың қыш өндірісі: археологиялық және мәдениеттанулық талдау // Мәдени мұра. 2025. №2 (109). 84-96 бб. (қазақ.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.05>

Кіріспе

Мыңжылдық тарихы бар қыш бұйымдарының әртүрлілігі – әр ел мен дәуірге тән керамика жасау технологияларының ерекшелігін ғана емес, сонымен қатар елдер арасындағы мәдени және өркениетті қықпалдастықты да көрсетеді. Қыш өндірісі – технологиялық тәсілдердің, көркемдік стильдер мен наным-сенімдердің тоғысқан аймағы. Осы тұрғыдан алғанда, Алтын Орда дәуіріндегі керамика өндірісі Шығыс пен Батыс өркениеттері арасындағы мәдени алмасудың жарқын көрінісі болып табылады. Алтын Орда – XIII-XV ғасырлар аралығында Еуразия кеңістігінде өмір сүрген ірі мемлекет. Бұл кезеңдегі материалдық мәдениет үлгілері, соның ішінде қыш бұйымдар, қоғамның шаруашылық деңгейін, күнделікті өмірін, сондай-ақ рухани-эстетикалық құндылықтарын зерттеуде ерекше маңызға ие. Алтын Орда дәуірінде қолөнершілік қарқынды дамып, Сарайшық сынды ірі қалалар керамика өндірісінің маңызды орталықтарына айналды. Бұл мақалада Алтын Ордадағы керамика бұйымдарының материалдық құрамы, өндіріс тәсілдері, сырлау және безендіру ерекшеліктері, сондай-ақ олардың басқа өркениеттермен өзара ықпалдастығы қарастырылады. Бұл зерттеудің мақсаты – Сарайшық қалашығы орнындағы археологиялық материалдар негізінде Алтын Орда дәуіріндегі полихромды жылтырлы керамиканың технологиялық, көркемдік және мәдени ерекшеліктерін анықтау.

Қаланың археологиялық қабаттарынан табылған материалдық мәдениет ескерткіштері, әсіресе қыш бұйымдар, ортағасырлық қолөнердің даму деңгейін, тұрмыс-салт пен мәдени ықпалдастықтың ауқымын көрсететін маңызды дереккөз болып табылады.

Соңғы жылдары жүргізілген кешенді археологиялық зерттеулер барысында Сарайшықтан табылған сырлы және полихромды керамика үлгілері Алтын Орда кезеңіндегі қыш өндірісінің технологиялық және көркемдік жетістіктерін дәлелдей түседі. Бұл бұйымдарда шетелдік (Қытай, Иран, Орта Азия) мәдениеттердің ықпалы мен жергілікті дәстүрдің синтезі негізінде көрініс тапқан. Қыш ыдыстардың пішіні, өрнек үлгілері, бояу және глазурьлеу техникасы ортағасырлық қала тұрғындарының эстетикалық талғамы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайынан сыр шертеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде ортағасырлық Сарайшық қалашығында жүргізілген археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған полихромды сырлы керамика үлгілері алынды. Зерттеу барысында археологиялық қазбалардан табылған қыш бұйымдар үлгілері, олардың құрылымы мен безендірілу тәсілдері сарапталды. Қазба материалдарының стратиграфиялық жағдайы, сырлау әдістері, глазурь құрамындағы пигменттер мен минералдар сипатталып, салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде басқа елдердің керамикалық дәстүрлерімен салыстырылды. Негізгі әдістерге макро және микроскопиялық талдау, морфологиялық классификация, петрографиялық зерттеу және салыстырмалы-мәдени талдау жатады. Қыш бұйымдарының сапасы мен типологиясын анықтауда олардың күйдіру тәсілдері, қолданылған шикізаттың құрамы, пішіні мен сыртқы безендірілуі негізгі критерийлер ретінде қарастырылады.

Сарайшықтың сырлы қыш

бұйымдары мен оның ерекше кескіндемелері ғылыми тұрғыда әлі толық зерттеліп біткен деуге келмейді, алайда соңғы жылдары бұл бағытта айтарлықтай ілгерілеуде. Негізгі мәліметтер болғанымен, олар жүйеленбеген, технологиялық, өнертанушылық, семиотикалық тұрғыда терең сараптау жетіспейді. Сонымен қатар, заманауи ғылыми әдістер (рентген-флуоресценттік анализ, спектроскопия, 3D-модельдеу) арқылы материал құрамын, бояу мен глазурь ерекшеліктерін талдауға қажеттілік бар. Тақырыптың нақты зерттелу деңгейі – археологиялық зерттеулер, өнертанушылық және технологиялық зерттеу, салыстырмалы мәдениеттанулық зерттеулер деңгейі секілді негізгі бағыттарда көрініс табады. Сарайшық қалашығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары (әсіресе XX ғасырдың екінші жартысынан бастап) кезінде көптеген қыш бұйымдар мен олардың фрагменттері табылды. Бұл артефактілер Сарайшықтың тек сауда емес, өндіріс пен мәдениет орталығы болғанын дәлелдейді. Г.А. Федоров-Давыдов, Н.К. Арзютов, М.Г. Крамаровский секілді ғалымдардың еңбектері Алтын Орда керамикасының аймақтық ерекшеліктеріне назар аударғанымен, Сарайшықтың өзіне арнайы терең талдау сирек кездеседі. Алтын Орда керамикасының құрамын, глазурь, сырлау, күйдіру техникасын сипаттаған еңбектер де бар, бірақ олардың көпшілігі жалпы Алтын Орда немесе Орталық Азия аясында шоғырланған. Сарайшықтан табылған полихромды бұйымдар (мысалы, алтын сабақты таушымылдық) – ерекше, сирек кездесетін үлгілер, бірақ олар әлі тереңірек технологиялық сараптаудан толық өтпеген. Мақалада

көрсетілгендей, қыш бұйымдарда кездесетін мотивтер мен түстердің Қытай, Иран, Византия, Еуропа мәдениетімен байланысы қазіргі таңда салыстырмалы түрде жақсы зерттеліп келеді. Дегенмен, осы ықпалдардың нақты Сарайшық шеберханаларына қаншалықты әсер еткені туралы арнайы кешенді зерттеулер әлі де қажет.

Талдау

Сарайшық қалашығында табылған полихромды глазурьленген ыдыстардың басым көпшілігі ашық түсті саздан жасалған, ангобпен қапталып, мөлдір және мөлдір емес глазурьмен қапталған. Түрлі-түсті глазурь (көк, жасыл, сары, қоңыр) қолдану арқылы күрделі композициялар жасалған. Орнаменттік шешімдерде геометриялық, өсімдік тектес және эпиграфиялық элементтер жиі кездеседі. Керамикалық бояулар мен глазурь қабаттарының құрамына жүргізілген петрографиялық және химиялық талдаулар олардың құрамында қорғасын мен қалайы бар компоненттерді анықтады. Бұл технологиялық тәсілдер Иран мен Мысыр, сонымен қатар Хулагуид және Мәмлүктер мемлекеттеріндегі фаянс өндірісімен ұқсастықтарға ие.

Негізінен, алтынордалық сырлы қыш бұйымдарының қалыптасуына XIII-XIV ғасырларда Орта Азия, Иран, Күнгей Кавказ және ішінара Қытай мен Византия елдері мәдениеті ықпалын тигізген. Сол кезеңге тиесілі жиі дайындалған сырлы қыш бұйымдар қатарына ыдыс-аяқтар, архитектуралық декорлар мен тұрмыстық заттарды жатқызуға болады. Оларды жасауда көбінесе қызыл немесе сұр саз, сондай-ақ кашин (кремний диоксиді мен желім қоспасы) қолданылған. Сондықтан да болар, саздан жасалған

қыш бұйымдарының негізі қытай фарфорына қарағанда қалыңырақ болған (Арзютов, 1930: 10). Сырлы бұйымды дайындауда Ирандық және Орта Азиялық күйдіру және жылтырату әдістері, сырлауда жасыл, көк, сары, қоңыр секілді ашық түстер, безендіруде өсімдік, геометриялық және зооморфты күрделі өрнектеулер, штамптау мен қалыптау элементтері жиі қолданылған. Сарайшық керамикасының көркемдік сипаттамалары XIV ғасырдың бірінші жартысында Иран, Хорасан және Мавераннахр шеберханаларында қалыптасқан стилдік үрдістермен сабақтасып жатыр. Әсіресе Тимуридтерге дейінгі кезеңдегі Самарқанд, Нишапур және Рей орталықтарының ықпалы байқалады. Сонымен қатар, кейбір үлгілерде Қытайдың Юань дәуіріндегі көгілдір-ақ фарфорына тән әсерлер көрінеді, бұл Шығыс пен Батыс арасындағы Жібек жолы арқылы мәдени байланыстардың көрінісі деуге болады.

Қытайдың қыш бұйымдары ежелгі дәуірде Тан әулеті кезеңінде дами бастағанымен, X–XVII ғасырларда Сун, Юань, Мин әулеттері кезінде гүлдену сәтіне жеткен. Қытай елінің әсері тек Алтын Ордаға ғана емес, Еуропа мен Жапонияға, тіпті бүкіл әлемге ықпалын тигізген. Қытайлықтар қыш бұйымдардың негізін даярлауда көбіне каолин фарфоры қолданып, оларды үш түсті глазурьлеу (жасыл, сары, қоңыр) және ақ, көгілдір кобальт бояу әдісімен танымал. Мөлдір глазурь асты өрнектеу де жиі қолданылып, гүл, айдаһар немес бұлт секілді табиғат мотивтерімен әшекейленген. Бұйымдарды өндіруде стандартты, экспорттауға бағытталып, оларды жоғары температурада күйдіру (1300°C дейін), күрделі глазурьлеу технологияларын қолданған (Булатов, 1974: 135-141).

Алтын Ордаға әсерін тигізген елердің қатарында Еуропаның елдері де басым. Еуропалық керамика ежелгі дәуірде дами бастап, орта ғасырлар мен қазіргі заманда гүлдене түседі. Оның қалыптасуына Византия, кейінірек Қытай қатты әсер етті. Бұйымды дайындауда көбінесе фаянс, фарфор (XVIII ғасырдан бастап), ал одан ерте кезеңдерде саз қолданылған. Қытай фарфорын дайындау құпиясы ашылғаннан кейін, Еуропада да фарфор ыдыстарын өндіру қолға алынды, бірақ ол қытайлық фарфорға қарағанда жұмсағырақ болды. Жоғары 1000-1100°C температурада күйдіру технологиясы қолданылып, әртүрлі өмірден алынған сюжеттік линиялармен, геральдикамен әрленген. Орта ғасырлардағы қолдан жасалған бұйымдар қазіргі уақытта жаппай өндіріске жол берді (Сайко, 1982: 165-169). Осылайша, Алтын Орда қыш ыдыстары синкретизмімен және әртүрлілігімен, қытайлық бұйымдар әсемдігімен және техникалық жетілуімен, ал еуропалық бұйымдар шығыс мәдениетін жергілікті талғамға бейімдеуімен ерекшеленеді.

Алтын Ордада қыш бұйымдардың өндіріс орталықтары жібек жолының сауда жолдарының арқасында қолөнер тораптарына айналған Сарай, Болгар, Маджар, т.б. үлкен қалаларында орналасты. Оның қыш бұйымдары, атап айтқанда сырлы қыш ыдыстары, жаулап алу нәтижесінде өз территориясына кірген аймақтардың мәдениеті мен жергілікті ерекшеліктерінің ұштасу синтезі болып табылады. Оның Орталық Азия бұйымдарымен байланысы мен айырмашылықтарын қарастырсақ, XIII–XIV ғасырларда Шағатай ұлысының қол астындағы Хорезм, Мавераннахр секілді қалалары моңғол әлемінің бөлігі болғанымен, Хорасан мен Согдианадан

қалған бай керамикалық мәдениетті сақтап қалды (Тапшходжаев, 1967: 152-154). Алтын Орда да олардың технологиясы мен ерекшеліктерін белсенді түрде қолдана бастады. Мысалға, Орталық Азияда қолданылған мыс (жасыл), кобальт (көк) және марганец (қоңыр) оксидтері қосылған глазурь кейінірек алтынордалық керамикаларға да көшсе, кезінде Хорезмде танымал болған ақ негізге арналған кремний диоксиді мен желім қоспасы қазірге таңда Алтын Ордаға тән саналады. Ал безендірудегі лотос, жүзім секілді өсімдік мотивтері, геометриялық өрнектер мен құс, айдаһар бейнеленген зооморфты кескіндер, глазурьдің жасыл, көк, сары сынды бірнеше түстерін қолдану екі елмен де үндесетін ортақ белгі болып табылады. Дегенмен, керамикалық мәдениеттің қатты ықпалына қарамастан, Алтын Орда Орталық Азия дәстүрлерін жергілікті жағдайлар мен талғамға бейімдеді. Алтын Ордада Орталық Азияға қарағанда қалыңырақ және аз тазартылған жергілікті қызыл немесе сұр саз жиі қолданылды, ал Орталық Азияда ақ саз және каолин сапасы жоғарырақ болды, әсіресе XIV–XV ғасырларда Тимуридтер кезеңінде. Сонымен қатар, алтынордалық керамиканы көшпелі өмір мен қалалық қажеттілікке бейімдей отырып өндірісе, Орталық Азияда керамиканы экспорттауға көбірек мән берді (Вактурская, 1959: 261-266). Алтын Орда кезеңіндегі полихромды керамика, әсіресе Сарайшықтағы үлгілер, тек жергілікті өндірістің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар халықаралық мәдени алмасудың нәтижесі екенін көрсетеді. Керамикалық технологияларда Шығыс пен Батыстың озық жетістіктері үйлестірілген. Сарайшықтағы жаппай өндіріс пен көркемдік стильдер осы кезеңде қала қолөнерінің жоғары

деңгейге жеткенін білдіреді.

Қыш бұйымдарды бірнеше түсті глазурьмен сырлау арқылы оған түрлі-түсті декорлық сән беру секілді Орталық Азиядан иеленген әдістің нәтижесінде Алтын Ордада полихромды керамиканы жасау қолға алынды. Полихромды керамиканы дайындаудың бірнеше әдісі бар. Олардың қатарына бір қабатты немесе бірнеше қабатты техниканы қолдану, глазурь асты немесе үстіндегі кескіндемені жатқызуға болады. Бір қабатты техникада бірнеше түсті глазурь негізге бір-біріне жақын немесе қабаттаса жағылады. Күйдіру барысында глазурь бір-бірімен араласып, тегіс біркелкі қабатқа айналады. Мысал ретінде қытайлық санцай керамикасын алуға болады. Ал, бірнеше немесе көп қабатты техникада негізге алғашқы қабат ретінде мөлдір немесе бір түсті глазурьді, кейін оның үстіне келесі қабат етіп басқа түсті глазурьді жаққан. Бұл техниканы көбіне нақты сюжеттерде қолданады, мысалы – еуропалық майолика. Глазурь асты кескіндемеде, атауы айтып тұғандай, шикі, күйдірілген негіздердің үстіне түрлі-түспен кескіндемелер салынады, кейін оны мөлдір глазурьмен жабады. Ал глазурь үсті кескіндемеде керсінше глазурь күйдірілгеннен кейін түрлі эмальдар жағылып, оны төменірек температурада күйдіріп, бекітеді. Полихромды керамиканың күрделілігі – оны күйдіру тәсілдерінде, глазурьлердің үйлесімділігінде, тіпті түстердің бір-бірімен араласу жолдарында жатыр. Мысалы, күйдіру барысында түстер күтпеген жерден бір-бірімен араласып кетпеуі үшін, оны ұдайы бақылауда ұстауды, көп тәжірибені, кейде бояуды ұстап тұратын қосымша рельефтер мен балауыздан жасалған сызықтарды талап еткен. Глазурьде қажетсіз жырықтың пайда болуының бетін алу үшін ішіне

қосылған қосындылардың өзгеру жолдары, балку температурасы ұқсас болуы керек. Сонымен қатар, глазурь күйдірілгеннен кейін құрамындағы оксидтер пештегі оттегімен немесе тотықсыздану ортасымен әрекеттескенде ғана түстері пайда болады. Мысалы, күйдірілгеннен кейін глазурьдегі мыстан тотығу реакциясын қалыптастыру үшін оттегімен әрекеттестіріп, жасыл реңк алады, ал металл реңкін шығару үшін оны тотықсыздану ортасына қойып оттегісіздену тәсілдерін қолдану арқылы мысқа қызыл реңк береді. Күйдірудің тотығу және тотықсыздану тәрізді екі түрлі режимі бұйымның түсі мен беріктігіне әсер еткен. Құрамындағы қоспалар (құм, ұсақ тас, органикалық қалдықтар) қыш массасының құрылымын анықтаған. Мысалы, Сарайшық қалашығынан табылған кейбір ыдыстардың қабырғалары қалың, массасы аздап ірі, нашар иленген, көпіршікті құрылымды болып келеді. Бұл олардың шапшаң жасалып, жаппай тұрмыстық мақсатта өндірілгенін көрсетеді.

Полихромды керамика – тек тұрмыстық емес, сонымен қатар беделді, мәртебелі бұйымдар қатарына жатады. Бұл Сарайшықтағы элиталық тұтынушы топтың болғанын және қала ішкі-өңірлік саудада маңызды рөл атқарғанын білдіреді. Сарайшық қалашығы орнынан табылған полихромды керамикалардың ерекше бір түрі – ол алтын сабақты таушымылдық бейнеленген керамиканың бір бөлшегі (1-сурет). Бұл керамика өзінің жарқын және сән беретін түрлі-түсті глазурымен көзге түседі. Өкінішке орай, әсем бейнелі керамикалық ыдыстың қалған бөліктері табылмады, бірақ табылған бөлшек ертеде керамиканың төсегі мөлдір емес, ақ түсті болғанын, оның

қызыл, жасыл, қара және қою көк (кобальт) төрт түсті кескіндемемен безендірілген, ал жекелеген жерлеріне қаптама алтын жағылғанын көрсетеді. Жіңішке жапырақшалары бар ұзын ирелендеген сабақтарда алты жапырақты қызыл таушымылдық бейнеленген (сабақтар қызыл эмальмен бастырылып, олардың арасында алтын фольга төселген, таушымылдыңтың өткір тісті жапырақтары қара түске бастырылып, жасыл эмальмен боялған). XII–XIV ғасырлардағы керамиканың бұл түріне бірқатар ұқсастықтарды Бату-Сарайы, Берке-Сарайы, сондай-ақ көптеген ортағасырлық Алтын Орда қалаларында кедестіруге болады (2-сурет) (Крамаровский, 2005: 229-241). Сарайшықта полихромды ыдыстардың біршама ірі фрагменттері табылды. Олардың ішінде аласа сақиналы түбі бар, ішкі бетінде тоған, таушымылдықтар және жоғарғы жиегінде куфескпен (жалған арабша жазулар) безендірілген тостағанды атап көрсетеміз. Бату Сарайынан және Берке Сарайынан табылған полихромды кескіндеме фрагменттері көп болғанымен, қайта қалпына келтірілмейтіндей өте ұсақталып қалған болатын. Белгілі болғандай, осы уақытқа дейін табылған алтынордалық полихромды мөлдір емес, ақ түске глазурь үсті сурет салынған керамика жартылай фаянсқа (кашин) жатады. Г.А. Федоров-Давыдов атап өткендей, кашин сынығындағы алтын фольганы пайдаланып көк, ашық жасыл және қызыл түстен тұратын көп түсті кескіндеменің бұл түрі сәулеттік декорға пайдаланыла бастады. Шамасы, Сарай астанасында жасалған бұл қыш ыдыстар елдің шығысы мен батысындағы ірі сауда қалаларына жеткізіліп отырған.

Тек Алтын Орда керамикасында ғана емес, басқа елдің де керамикасында



Сур.1. Сарайшық қалашығы орнынан табылған алтын сабақты таушымылдық бейнеленген керамиканың фрагменті.

Fig. 1. A fragment of ceramics depicting a peony with a golden stem, found at the site of the medieval Saraishyq.



Сур.2. Сарайшық қалашығы орнынан табылған таушымылдық бейнеленген полихромды керамика.

Fig. 2. A polychrome ceramic with the image of a peony, found at the site of the medieval Saraishyq.

бейне тапқан Эдемнің (жұмақ бағының) бейнесі жұмақтың библиялық немесе мифологиялық идеясымен байланысты символизмді қолдануды білдіреді. Көбіне құнарлы бақтар, ағаштар (әсіресе өмір ағашы), өзендер, жануарлар, кейде Адам мен Хауана да бейнеленген. Оны полихромды глазурьге күйдірмес бұрын керамикалық негізге бірнеше түсті композицияларды (мыс, кобальт, темір, марганец сияқты металл оксидтері) жағу арқылы қол жеткізеді. Түстер араласу немесе бөліну арқылы күрделі өрнектер жасайды. Бірақ Эдем бейнеленген керамика – бұл глазурьдің астында (негіз мөлдір глазурьмен жабылғанға дейін кескінделуі) немесе глазурьдің үстінде (алғашқы күйдіруден кейінгі кескінделу) жасалған сюжеттік бейнелері бар сәндік керамика қатарына жатады. Осындай Эдем бейнелі полихромды керамикалар алғаш библиялық немесе жұмақ мотивтері маңызға ие мәдениеттерде пайда болса керек. Мысалы, Византия елінде діни және сәндік мақсатта сырлы керамикалар жиі қолданылды. Бірақта Эдемнің ыдыс-аяқтарда тікелей бейнеленуі аз болғанымен, жүзім, жапырақтар немесе гүлдер сынды өсімдік мотивтері арқылы жұмақты бейнелеген. Полихромияда көбіне жасыл, сары және қоңыр түстері қолданылды. Ал IX-XV ғасырларда Персия мен Орта Азияда жұмақ (Жаннат) ағаштармен, өзендермен және құстармен гүлденген бақ ретінде бейнеленген. Полихромды глазурь (көк кобальт, жасыл мыс, сары антимоний) құмыралар, тостағандар және архитектуралық плиткалар үшін қолданылды. XV-XVII ғасырларда қайта өрлеу дәуіріндегі еуропалық керамикаға тоқталсақ, Италияндық майоликада Библиялық көріністерді, соның ішінде Эдемді жиі бейнелейтін, тіпті Адам мен Хауана немесе жұмақ бағы бар

сюжеттер ыдыс-аяқ пен вазаларда да кездесетін. Полихромды бояуда көк, жасыл, сары және қызғылт сары түстер жиі қолданылды. Бұл қарапайым «пейзаждың» мазмұны оның түстік шешімін түсінуге көмектеседі. Сурет палитрасындағы жасыл бақ пен лағыл тәрізді таушымылдықтар ислам дәстүріне тән. Суреттің дәлдігімен және тостағанның үйлесімді пропорцияларымен бірге негізгі түрлі-түстілік – жұмақ бағын бейнелейтін сұлулықтың белгісі, о дүниедегі жұмақ бақтарындағы болашақ өркендеудің метафорасы. Алтын Орданың суфизмге толы қалалық ортасында алтынордалық бес түсті керамиканың барлық тобының түстік гаммасы, соның ішінде салтанатты ыдыс-аяқтар мен архитектуралық тақтайшаға дейін бір тақырыпқа – Ислам эсхатологиясының негізі – жұмақ рахатына бағынады.

Алтын Ордада ислам кеңінен таралғанымен, оның қыш ыдыстарында әртүрлі мәдениеттердің элементтері бейнеленді. Өсімдіктер мен жануарлар мотивтері бар полихромды бұйымдар (жасыл, көк, сары) жұмақтың бейнелеріне символдық түрде сілтеме жасайды, бірақ Эдемнің тікелей суреттері жазылмаған. Эдем бейнесінің ерекшелік беретін оның жасыл (шөп, жапырақтар), көк (су, аспан), сары және қызғылт сары (жемістер, күн), қызыл (гүлдер) түсті палитрасы. Қарастырылып отырған алтынордалық полихромды керамика тобының шығу тарихы туралы сұраққа жауаптың екі нұсқасы бар. Біріншісі, ашық қызыл гүлдермен (таушымылдық пен лотос) эскиздік түрде бейнеленген төсегі ақ немесе күлгін түсті ыдысты жасыл жапырақтармен бедерлеу – бұл қытайлық цычжоу керамика тобына тән белгі. Кеш Тан әулеті мен ерте Мин әулеті арасындағы қытай керамикасының

кең көлемді тобы осылай аталған. Ыдыс-аяқтың бұл түрі қазір негізгі өндіріс орталықтарының бірі Хэбэй провинциясының оңтүстігіндегі Цы округі (Қытай) деп аталатын Цычжоу префектурасының құрметіне аталған. Сарай шеберлерінің екінші шабыт көзі ирандық ладжвардина болды. Бұл әдіс Иранда XIII ғасырдың соңғы онжылдықтарының бірінде пайда болды. Оған алдын ала қара көк немесе перуза түсті глазурьмен боялған керамикалық ыдыстың глазурь бетін алтынмен, қызыл, қара немесе ақ эмальмен безендіру тән.

Нәтижелер

Алтын Ордадағы керамика өндірісінің ерекшеліктері. Алтын Орда кезеңіндегі қыш бұйымдар негізінен саз-балшық, фаянс, фарфор, кашин және басқа да минералды материалдардан жасалған. Қолданылған саздың түріне байланысты бұйымдар қалыңдығы, түсі және тығыздығы жағынан әртүрлі болған. Жергілікті саздан (қызыл, сары, сұр) жасалған бұйымдар ақ саздан жасалған бұйымдарға қарағанда қалыңырақ әрі өңдеуге көнбейтін болып келген. Фаянс құрамында әк болса, фарфорда каолин мен кварцтың үлесі басым болған, бұл оларды жоғары температурада күйдіру арқылы берік, ақ және мөлдір етеді. Кашин негізіндегі бұйымдар – диоксид кремний мен органикалық желім қосындысынан дайындалған – ерекше бір топты құрайды. Олар жоғары сәндік қасиетке ие және түрлі-түсті глазурь қолдануға қолайлы болған.

Сырлы және полихромды керамика. Сырлы керамика – Алтын Орда кезеңінің басты көркемдік жетістіктерінің бірі. Мұндай бұйымдар саздан жасалып, глазурь қабаты арқылы әрленген. Глазурь бұйымның эстетикалық тартымдылығынан бөлек,

оның беріктігін арттырып, ылғалдан қорғайтын қорғаныс қызметін де атқарған. Полихромды керамикада бірнеше түсті глазурьлер қолданылады. Бұл техникада глазурь асты және үсті кескіндеме, бір немесе көп қабатты сырлау әдістері қолданылады. Глазурь құрамына кіретін металл оксидтері – мыс (жасыл/қызыл), кобальт (көк), темір (қоңыр) – күйдіру температурасы мен пеш ортасына байланысты түрлі түсті реңктер береді. Бұл технологиялық үдеріс жоғары шеберлікті және арнайы тәжірибені талап етеді.

Сарайшық қалашығынан табылған керамика үлгілері. Сарайшықтан табылған сырлы және полихромды бұйымдар – Алтын Орда керамикасының жарқын үлгілері. Атап айтқанда, алтын фольгамен көмкерілген таушымылдық бейнеленген фрагмент ерекше назар аударады. Бұл үлгіде мөлдір емес ақ негіз, көк, жасыл, қызыл және қара эмальдармен үйлесім тапқан. Тағы бір маңызды үлгі – ішкі бетінде таушымылдық бейнеленген, жиегі куфескпен безендірілген тостаған. Мұндай бұйымдар Сарай, Бату-Сарай және Берке-Сарай сияқты қалаларда өндірілген болуы мүмкін.

Мәдени байланыстар және ықпалдар. Алтын Орда керамикасы көрші аймақтардың – Иран, Орта Азия, Қытай және Еуропаның – ықпалында дамыды. Орта Азиядағы Хорезм мен Мавераннахр қалаларының бай керамикалық дәстүрлері Алтын Ордада да жалғасын тапты. Бұл байланыс глазурь түстерінен (мысалы, мыс пен кобальт оксидтері), өсімдік және зооморфты мотивтерден көрініс тапты. Қытайлық әсер – әсіресе Сун, Юань, Мин кезеңдерінің фарфорларында – глазурь астындағы кобальтпен салынған ою-өрнектер арқылы байқалды. Еуропалық әсер де

(майолика, геральдикалық мотивтер) көркемдік тұрғыда ықпал етті.

Эдем бейнесі және символизм. Алтын Орда керамикасындағы Эдем (жұмақ бағы) бейнесі – күрделі мифологиялық және діни символизмді білдіретін тақырып. Бұл бейне гүлденген бақтар, өсімдіктер, жануарлар және кейде адам фигуралары арқылы беріледі. Мұндай бейнелер көбіне глазурь астына немесе үстіне түрлі-түсті металл оксидтерімен салынған. Олардың формасы мен мазмұны Византия, Иран және Орта Азиядағы көркем дәстүрлермен тығыз байланысты.

Қорытынды

Алтын Орда дәуіріндегі материалдық мәдениеттің маңызды бір саласы - керамика өндірісі. Бұл дәуірдегі қыш бұйымдар тек шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктерді өтеумен шектелмей, сонымен қатар сол кезеңнің технологиялық деңгейін, көркемдік танымын және мәдени байланыстарын айқын көрсететін маңызды археологиялық дереккөзі болып табылады. Әсіресе, полихромды (көптүсті) жылтырлы керамика Алтын Орда қалаларындағы, соның ішінде Сарайшықтағы, жоғары технологиялық деңгей мен көркемдік жетістіктерді сипаттайтын ерекше топқа жатады. Алтын Орда дәуіріндегі қыш бұйымдары

– бұл тек археологиялық олжа ғана емес, сонымен қатар өркениеттік өзара ықпалдастықтың заттай дәлелі. Олардың құрылымы, көркемдік шешімдері мен таралу ауқымы – сол кезеңдегі мәдени, экономикалық және рухани үдерістердің көрінісі болып табылады. Сарайшық қалашығындағы полихромды жылтырлы керамика бұйымдары Алтын Орда дәуіріндегі қыш өндірісінің дамығандығын, халықаралық мәдени байланыстар мен көркемдік ықпалдастықты көрсететін маңызды археологиялық және өнертанушылық дерек болып табылады. Бұйымдардағы технологиялық және көркемдік ерекшеліктерді талдау арқылы Алтын Орда мәдени кеңістігінің көпқырлылығын және оның Жібек жолы бойындағы мәдени процестерге белсенді қатысқанын көруге болады. Алтын Орда дәуіріндегі қыш бұйымдарының өндіріс технологиясы жоғары деңгейде дамығанын көруге болады. Бұл бұйымдар өндірісінің әр кезеңі - шикізат дайындау, қалыптау, күйдіру және сәндеу - арнайы дағдылар мен технологиялық тәжірибені талап еткен. Қыш бұйымдары арқылы біз сол дәуірдегі қоғамның мәдени және экономикалық бейнесін жан-жақты тани аламыз. Болашақта археологиялық зерттеулер негізінде бұл салада тың жаңалықтар ашылуы мүмкін.

Әдебиет

1. Арзютов Н.К., 1930. Золотая Орда // Саратов: Сардомзака. 10 с.
2. Булатов Н.М., 1974. Кобальт в керамике Золотой Орды // Сов. Археология. №4. С. 135–141.
3. Вактурская Н.Н., 1959. Хронологическая классификация средневековой керамики Хорезма (IX—XVII вв.) // Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. Т. IV. С. 261-266.
4. Крамаровский М.Г., 2005. Алые пионы Эдема. О полихромии в керамике Золотой Орды XII-XIV вв. // Античная древность и средние века. Екатеринбург: материалы XII Международных

научных Сюзюмовских чтений (Севастополь, 6-10 сентября 2004 г.). С. 229-241.

5. Сайко Э.В., 1982. Техника и технология керамического производства Средней Азии в историческом развитии // Москва: Наука. С.165-169.

6. Ташходжаев Ш.С., 1967. Художественная поливная керамика Самарканда IV начало XIII вв. // М-во культуры УзССР, Ин-т искусствознания им. Хамзы. Ташкент: Фан. С. 152-154.

References

1. Arzyutov N.K., 1930. Zolotaya Orda [The Golden Horde] // Saratov: Sardomzaka. 10 p. [in Russian]

2. Bulatov N.M., 1974. Kobalt v keramike Zolotoj Ordy [Cobalt in the Ceramics of the Golden Horde] // Sov. Arheologiya. №4. Pp. 135–141. [in Russian]

3. Vakturskaya N.N., 1959. Hronologicheskaya klassifikatsiya srednevekovoj keramiki Khorezma (IX—XVII vv.) [Chronological Classification of Medieval Ceramics of Khorezm (9th–17th centuries)] // Trudy Khorezmskoj arheologo-etnograficheskoy ekspedicii. Vol. IV. Pp. 261–266. [in Russian]

4. Kramarovskij M.G., 2005. Alye piony Edema. O polikhromii v keramike Zolotoj Ordy XII–XIV vv. [Scarlet Peonies of Eden: On Polychromy in the Ceramics of the Golden Horde (12th–14th centuries)] // Antichnaya drevnost i srednie veka. Ekaterinburg: Materials of the 12th International Scholarly Syuzumov Readings (Sevastopol, 6–10 September 2004). Pp. 229–241. [in Russian]

5. Sajko E.V., 1982. Tekhnika i tekhnologiya keramicheskogo proizvodstva Srednej Azii v istoricheskom razvitii [Technique and Technology of Ceramic Production in Central Asia in Historical Development] // Moskva: Nauka. Pp. 165–169. [in Russian]

6. Tashkhodzhaev Sh.S., 1967. Khudozhestvennaya polivnaya keramika Samarkanda IV – nachalo XIII vv. [Glazed Artistic Ceramics of Samarkand from the 4th to Early 13th Century] // Ministry of Culture of the Uzbek SSR, Institute of Art Studies named after Hamza. Tashkent: Fan. Pp. 152–154. [in Russian]

Мустажап А.Ш.

Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык»

Атырау, Казахстан

e-mail: aiko_mustazhap@mail.ru

ГОНЧАРНОЕ ПРОИЗВОДСТВО СРЕДНЕВЕКОВОГО САРАЙШЫКА: АРХЕОЛОГИЧЕСКИЙ И КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В статье рассматривается развитие гончарного производства в эпоху Золотой Орды, а также его технологические и художественные особенности. На основании керамических изделий, обнаруженных в ходе археологических раскопок, доказывается, что город Сарайшык был ремесленным и торговым центром в средневековье. Цель исследования – выявить технологические, художественные и культурные особенности полихромной глазурованной керамики Золотой Орды на основе археологических материалов, найденных на территории городища Сарайшык. В работе использован комплекс археологических,

сравнительно-исторических и описательных методов.

Рассматриваются материальный состав керамических изделий, методы глазурования и росписи, образцы полихромной керамики. Применение различных техник обработки и красителей усиливает эстетическое значение изделий и отражает культурное взаимодействие. Влияние китайской, иранской, центральноазиатской и европейской культур ярко проявляется в керамическом искусстве Золотой Орды. На изделиях встречаются растительные, зооморфные, геометрические орнаменты, а также символические образы райского сада, характерные для исламской культуры. Раскрывается художественная и историческая ценность керамических изделий, сочетающих внешние влияния и местные особенности. Особый объект исследования – фрагмент изысканной полихромной керамики, украшенный золотой фольгой и изображением красных пионов. Этот предмет интерпретируется как художественный символ райского сада, типичного для исламской культуры. Исследование описывает культурный синтез в керамике Золотой Орды, раскрывая её историческую и эстетическую значимость через конкретные примеры межкультурного взаимодействия.

Ключевые слова: Сарайшык, Золотая Орда, керамика, поливная керамика, археологические раскопки, полихромная керамика.

Для цитирования: Мұстажап А.Ш. Гончарное производство средневекового Сарайшыка: археологический и культурологический анализ // Мәдени мұра. 2025. №2 (109). С. 84-96 (каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.05>

Mustazhap A.Sh.

State Historical and Cultural Museum-Reserve «Saraishyq»

Atyrau, Kazakhstan

e-mail: aiko_mustazhap@mail.ru

POTTERY PRODUCTION IN MEDIEVAL SARAISHYK: AN ARCHAEOLOGICAL AND CULTURAL ANALYSIS

Abstract. The article examines the development of ceramic production during the Golden Horde period, focusing on technological and artistic characteristics. Ceramic artifacts from Saraishyq provide evidence, that it was center of trade and craftsmanship. The aim is identifying the technological, artistic, and cultural features of polychrome glazed ceramics from the Golden Horde era based on archaeological materials from Saraishyq. The research employs archaeological, comparative-historical, and descriptive methods.

The study explores the material composition of ceramic items, glazing and painting techniques, and samples of polychrome ceramics. The use of various processing methods and pigments enhances the aesthetic value of the items and

reflects cultural interaction. Influences from Chinese, Iranian, Central Asian, and European cultures are clearly visible in the ceramic art. The artifacts feature vegetal, zoomorphic, and geometric motifs, as well as symbolic representations of paradise gardens typical of Islamic culture. The author reveals the artistic and historical value of ceramic products that merge external influences with local features. A special object is polychrome ceramic fragment with gold foil and red peony motifs. This artifact is a symbolic representation of the paradise garden. The study characterizes the cultural synthesis embodied in Golden Horde ceramics, emphasizing significance through concrete examples of intercultural interaction.

Keywords: Saraishyq, Golden Horde, ceramics, glazed ceramics, archaeological excavations, polychrome ceramics.

For citation: Mustazhap A.Sh. Pottery Production in Medieval Saraishyk: an archaeological and cultural analysis // Madeni mura. 2025. №2 (109). 84-96 p. (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.05>

Автор туралы мәлімет:

Мұстажап Айкөркем Шалхарқызы, Тарихи-мәдени мұраны қорғау бөлімінің ғылыми қызметкері, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Атырау, Қазақстан.

ORCID: 0009-0008-9327-3839

Сведения об авторе:

Мұстажап Айкөркем Шалхарқызы, научный сотрудник отдела Охраны историко-культурного наследия, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык», Атырау, Казахстан.

ORCID: 0009-0008-9327-3839

Information about the author:

Mustazhap Aikorkem Shalkharkyzy, Researcher at the Department of Historical and Cultural Heritage Protection, State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyq", Atyrau, Kazakhstan.

ORCID: 0009-0008-9327-3839